

Алакөл ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Алакөл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 3-7 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2016 жылы 27 мамырда № 3856 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Алакөл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 25 маусымдағы № 35-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы Алакөл аудандық мәслихатының 25.06.2018 № 35-2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 386-бабының 5-тармағына, 444-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес, Алакөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алакөл ауданы бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Аудандық мәслихаттың аппарат басшысы О. Ахметкалиевке осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудандық мәслихаттың интернет-ресурсында жариялау ж ү к т е л с і н .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алакөл аудандық мәслихатының " Ауыл шаруашылығы, экология мәселелері, индустриалды-инновациялық және энергетикалық инфрақұрылымның дамуы жөніндегі" тұрақты комиссиясына ж ү к т е л с і н .

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК